

## РЕФЕРАТ ЖАЗУҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ

Реферат – бұл зерттеу нәтижелерін жазбаша түрде ұсынудың бастапқы түрі. Ол (лат. *refero* – баяндаймын, мәлімдеймін) зерттеуді таныстыру үшін қолданылатын іс жүзіндегі негізгі мәліметтер мен қорытындылардан тұратын күжаттың қысқаша баяндалуы. Рефераттағы материалдарды нақты, әрі айқын келтіру қажет. Реферат мәтінінің мазмұны жағынан да, форма жағынан да қолжетімді болуы болуы шарт. Рефераттың міндеті – зерттеу жұмысының мазмұнын хабарлау ғана емес, тақырыпқа байланысты пайда болған жаңа мәселелерді де қозғап, баяндау екенін ұмытпаңыз. Рефераттың көлеміне де белгілі бір талаптар бар. Мысалы, реферативті журналдағы рефераттың орташа көлемі – 1000 баспа таңбасынан тұрса, жаратылыстану және техникалық ғылымдарда 500 ден 2500 таңбаға дейін жетеді. Ол Times New Roman қаріпімен, 14 кегельде жазылады.

**Рефераттың екі түрі бар: продуктивті және репродуктивті**

Репродуктивті реферат бастапқы алғашқы мәтіннің мазмұнын баяндайды. Оның екі түрі бар: **реферат-конспект** және **реферат-резюме**. Реферат-конспектте негізгі ақпаратты жалпыланған түрде бересіз. Оған көрнекті материалдарды, зерттеу әдістерін, олардың нәтижелерін, нәтижені қолдану мүмкіндіктерін жазуға болады. Реферат-резюмелеге көзделген тақырыптың негізгі ережелерін жазасыз.

Продуктивті реферат баяндалатын дереккөзді сынни және шығармашылық тұрғыдан мазмұндайды. Реферат бастапқы мәтіннің мазмұнын баяндайды, продуктивті реферат баяндалатын дереккөзді сынни және шығармашылық тұрғыдан мазмұндайды. Оның екі түрі бар: **реферат-баяндама** және **реферат-шолу**. Реферат-шолуда бірнеше дереккөздерді пайдаланасыз. Соңдай-ақ аталған мәселеге қатысты әр дереккөздегі түрлі пікірлерге шолу жасайсыз. Реферат-баяндамада алғашқы дереккөздің ақпаратын талдап, ондағы негізгі мәселелерге объективті түрде баға бересіз.

**Рефератты жазу бірнеше кезеңді қамтиды:**

➤ **Дайындық кезеңі.** Бұл кезеңде түрлі библиографиялық көздерді пайдалана отырып, белгілі бір тақырыпқа байланысты әдебиеттерді іздейсіз. Соның ішінде тақырыбының сай ғаламтор желісіндегі мәліметтерді, ғылыми жұмыстарды, энциклопедияларды, анықтамалықтарды, сөздіктерді және т.б дереккөздерді табасыз.

➤ **Орындаушылық кезең.** Бұл кезеңде тапқан кітаптарды және өзге де әдебиеттерді оқисыз, оқылған еңбектерден мәтін жазбасын жүргізесіз, яғни тақырыбынды ашатын жазбаларды, цитататаларды, тезистерді, конспектілерді жазып аласыз.

➤ **Қорытынды кезең.** Бұл кезеңде қарастырылған материалдарды өндеп, рефераттың негізгі бөлімін жазасыз. Сонынан пайдаланған әдебиеттер тізімін жасайсыз.

➤ **Рефератты рәсімдеу кезеңі.** Соңғы кезеңде рефераттың титул бетін әзірлейсіз. Оған ең бірінші күжат шапкасы кіреді (министрліктің атауы, мектеп, колледж, ЖОО атауы, оның эмблемасы). Ол қағаздың

жоғары жағының дәл ортасында орналасады. Келесі «РЕФЕРАТ» деген сөзді қағаздың дәл ортасына бас әріптермен, қалың қаріппен жазасыз. Оның астына «Тақырыбы» деген сөзден соң ұс түкте қойып (:), рефераттың тақырыбын жазасыз. Келесі автор туралы мәліметтерді жазасыз. Онда рефератты жазған оқушының, не студенттің аты-жөнін, курсын, тобын, мамандығын көрсетесіз. Ол тақырыптан соң 7-9 интервал төменде, қағаздың он жағында «Орындаған» деген сөзден соң жазылады. Ал оның астына «Тексерген» деген сөзден кейін рефератты өткіzetін адамның аты-жөнін жазасыз. Титул бетінің ең соңына, қағаздың дәл ортасына мекеменің орналасқан қаласын және рефераттың жазылған уақыты көрсетесіз. *Титул бетінің үлгісін 1-қосымшадан қараңыз.*

### **Реферат төмендегідей бөліктерден құралады:**

- **Кіріспе** (бір, максимум бір жарым бет);
- **Мазмұн.** «Мазмұнның» бөлімдерін араб цифрларымен нөмірлейсіз; ол нүктемен бөлінген бөлім мен бөлімшениң нөмірінен тұрады. Нөмірлеу үшінші беттен жанама түрде соңғы бетке дейін жалғасады. Нөмірлерді араб цифрларымен жоғарғы жолдың ортасына орналастырасыз. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалар жалпы жанама нөмірлеуге қосасыз. *Рефераттың мазмұнның үлгісін 2-қосымшадан қараңыз.*
- **Қорытынды.** Оқырманның көңілін аудару мақсатында жұмыстың негізгі тезистерін қайталаудан, реферат афторының қорытындысынан, зерттеу тақырыбына байланысты туындаған ұсыныстар және т.б. құралуы мүмкін. Көлемі жағынан қорытынды әрқашан кіріспеден аз болуы тиіс. Қалыпты қорытынды бөлігінің көлемі жалпы жұмыстың жиырмадан бір бөлігін құрайды деп есептеледі;
- **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**
- **Қосымша**
- **Көрсеткіштер**
- **Рецензия**

*1-қосымша. Титул бетінің үлгісі*

Қазақстан  
Республикасы Ғылым  
және Білім министрлігі

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті



Министерство  
Образования и Науки  
Республики Казахстан

Казахский  
национальный  
университет имени аль-  
Фараби

# РЕФЕРАТ

Тақырыбы: \_\_\_\_\_

Орындаған: \_\_\_\_\_

Тексерген: \_\_\_\_\_

Алматы қаласы, 2020 ж.

*2- қосымша. Рефераттың мазмұнының үлгісі.*

**МАЗМҰНЫ**

КІРІСПЕ .....	3
НЕГІЗГІ БӨЛІМ .....	5
1. Туризмнің дамуының қазіргі жағдайы.....	5
2. Туристтік өнімдерге сұранысты зерттеу.....	9
ҚОРЫТЫНДЫ .....	12
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	13
ҚОСЫМША.....	14